"Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" КММ-інің
"Жастар ресурстық орталығы"
коммуналдық мемлекеттік мекемесіне
«Елу жылда - Ел жаңа» қоғамдық бірлестігінен
Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Мәңгілік Ел 32/8
ЖСН: 170240012608
shapai20157@mail.ru
ұялы тел. 87011808022

Шағым

"Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Конкурстың № 16824707-ГСЗ1, Конкурстың атауы ”Жастар мен жасөспірімдер арасында интернет құмарлықтың, лудоманияның алдын алу бойынша іс-шаралар ұйымдастыру”, Лоттың № 82463285-ГСЗ2 мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген қызметтерді мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес конкурстық комиссияның шешіміне наразылық білдіреді.

Конкурстық комиссия "Жамбыл облысы жастар ұйымдарының Қауымдастығы" заңды тұлғалардың бірлестігін жеңімпаз деп тануымен келіспейді және құқық бұзушылыққа жол берілгенін хабарлайды.

Келіспеуге негіздеме:

4-критерий. Қағидалардың 1-қосымшасының 4-тармағына сәйкес, Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы үшін ұпайлар қойылады.

«Елу жылда - Ел жаңа» қоғамдық бірлестігі, әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімі бойынша, Әлеуетті өнім берушінің әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды, өнім беруші 2017-2025 жылдар кезеңіне құжаттарды ұсынады, бұл жалпы, **сатып алынатын қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесі**нің барлығы 9 жыл, ал **ұқсас** *(аналогичные)* **жобаларды** іске асыру саласында **екі жылдан астам және бес жылды қоса алғанға дейінгі жұмыс тәжірибесі бар.**

Ұйымның ұқсас жобаларды жүзеге асырудағы тәжірибесі – 2 жыл:

- 2024ж. «Жастар мен балалар арасында **құмар ойындардың** және нашақорлықтың алдын алу жөніндегі шараларды іске асыру»;
- 2025ж. «Жастар арасында суицид, **лудомания,** нашақорлықтың алдын алуға және 12 тамыз – Халықаралық жастар күніне арналған іс-шараларға арналған техникалық ерекшелік»;
- 2025ж. «**Лудоманияның алдын алу**ға бағытталған іс-шаралар өткізу».

Осы тұста сатып алынатын қызметтер нарығындағы жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар, көрсетілген қызметтер актілері мен шот-фактуралардың электрондық көшірмелерімен расталған.

Осылайша, конкурстық комиссия Қағиданың 21-қосымшасының 4-тармағына сәйкес, Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы үшін 5 ұпай мөлшерінде заңсыз қолданды. Осы тармақ бойынша әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын **затқа сәйкес ұқсас** *(аналогичные)* **қызметтерді** көрсету нарығындағы тәжірибесі бойынша 5 ұпайдың орнына 6 ұпай қою ұсынылады.

5) Қағидалардың 21-қосымшасының 5-тармағына сәйкес, Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігі үшін ұпайлар қойылады.

«Елу жылда - Ел жаңа» қоғамдық бірлестігі, әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімін зерделеумен, Жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) бағдарламаның қызмет түрлеріне сәйкес келетін жеткілікті еңбек өтілі немесе біліктілігі бар, олар сәйкесінше құжаттармен расталған.

Осы тұста конкурстық комиссия «Елу жылда - Ел жаңа» қоғамдық бірлестігі, *әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігі үшін 0 ұпай заңсыз қолданды.*

Келіспеуге негіздеме:

Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың** еңбек өтілі мен біліктілігі (Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарттарына (ҚР Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 19 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандартына сәйкес (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 тамызда № 17314 болып тіркелген).

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 21-қосымшасының 5-тармағында көрсетілген критерийлері бойынша:

Мамандардың тәжірибесі мен біліктілігін растайтын құжаттар білімі туралы **дипломдар, тиісті курстардан, семинарлардан өткені туралы сертификаттар** болып танылады.

Осыған сәйкес «Елу жылда - Ел жаңа» қоғамдық бірлестігі, әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімі бойынша, Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) бағдарламаның қызмет түрлеріне сәйкес келетін жеткілікті еңбек өтілі мен біліктілігі бар немесе мамандардың тәжірибесі мен біліктілігі сәйкесінше құжаттармен расталған.

Атап айтсақ:

*Жобаға тартылған маман тұрақты қызметкер: Сүйімқұл Шарапат Батырбекқызының білімі туралы дипломы және

1) №52 Лудоманияға тәуелділіктің алдын алу: тәжірибелік дағдылар мен психологиялық әдістер” атты 16 сағаттық курсқа қатысқанын растайды;

2) №0227064 “Мектепте қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету және зорлық-зомбылықты болдырмау, жасөспірімдер арасында өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу”, сертификаттар өтінімде ұсынылған.

**35-бап. Жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттар осы бабында көрсетілгендей:*

5) жұмыс беруші қол қойған, ұйымның мөрі мен расталған қызметтік тізім (жұмыскердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі) (болған кезде);

6) аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнет ақы қорынан үзінді көшірмелер.

Аталған тармақшаларына сай:

а) «Қызметтік тізім»;

б) тұрақты қызметкер - Сүйімқұл Шарапат Батырбекқызы жобаға тартылған маман - зейнеткерлік жаста, соны растайтын анықтама хат «Пояснительная записка» ұсынылды және ЭЦҚ арқылы қол қойылды.

Конкурстық өтінім ұсынылатын әлеуметтік жобаның қызмет түрлеріне сәйкес практикалық тәжірибесі мен біліктілігі болғандықтан 4 ұпайға лайық.

Осылайша, конкурстық комиссия Қағиданың 1-қосымшасының 5-тармағына сәйкес, «Жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) бағдарламаның қызмет түрлеріне сәйкес келетін жеткілікті еңбек өтілі немесе біліктілігі бар, олар сәйкесінше құжаттармен расталған» деген тармағына сай келетін болғаны үшін 2 ұпайдың орнына 4 ұпай қою ұсынылады.

"Жамбыл облысы жастар ұйымдарының Қауымдастығы" заңды тұлғалардың бірлестігі, әлеуетті жеткізушісінің конкурстық құжаттарын зерделеуде анықталды:

5-критерий. Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың** еңбек өтілі мен біліктілігі (Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарттарына (ҚР Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 19

бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандартына сәйкес (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 тамызда № 17314 болып тіркелген).

"Жамбыл облысы жастар ұйымдарының Қауымдастығы" заңды тұлғалардың бірлестігі, өтінімінің «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 21-қосымшасының осы критерийі бойынша конкурстық комиссия 4 ұпай заңсыз қолданды.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс тәсілімен мемлекеттік *сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 21-қосымшасының 5-тармағында* көрсетілген критерийлері бойынша:

1) Білімі туралы дипломдар, тиісті курстардан, семинарлардан өткені туралы сертификаттар мамандардың біліктілігін растайтын құжаттар болып танылады.

2) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көзделген құжаттардың мамандардың еңбек өтілін растайтын құжат болып табылады.

Мамандардың тәжірибесі мен біліктілігін растайтын құжаттар білімі туралы **дипломдар, тиісті курстардан, семинарлардан** өткені туралы **сертификаттар** болып танылады.

Жобаға тартылған маман:

1) Дастан Исламбек - тек Білімі туралы диплом, жеке куәлік, ал жобаның қызмет түрлері бойынша біліктілігі жоқ, жоба атауына **тиісті сертификат** ұсынылмаған;

Осылайша, конкурстық комиссия Қағиданың 1-қосымшасының 5-тармағына сәйкес, әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігі үшін 4 ұпайдың орнына 2 ұпай қою ұсынылады.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, конкурстың қорытындыларын шығару кезінде анықталған бұзушылықтарды ескере отырып, жоғарыдағы лот бойынша конкурстық өтінімдерді және конкурс нәтижелерін қайта қарауды, Заңның Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес ұпайларды белгілеуді және сотқа дейін реттеуді сұраймыз.

«Елу жылда- Ел жаңа» қоғамдық
бірлестігінің басшысы: Ш.Сүйімқұл

ЭЦҚ арқылы қол қойылды
04.05.2026ж.